

2013 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2013 жылғы 09 қыркүйектегі № 2550 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 01 қазанда № 3649 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімі аппаратының басшысының 2014 жылғы 30 маусымдағы № 05-12/3856 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімі аппаратының басшысының 30.06.2014 № 05-12/3856 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңының 6 бабының 4 тармағы 8-1 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. 2013 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А. Арынғазиеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі *Е. Омаров*
Ақтөбе қаласы әкімдігінің
2013 жылғы 09 қыркүйектегі
№ 2550 қаулысына
1 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

--	--	--

№	Қала атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны (адам)
1	Ақтөбе қаласы	795
	барлығы	795

А қ т ө б е қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 0 9 қ ы р к ү й е к т е г і
№ 2 5 5 0 қ а у л ы с ы н а
2 қосымша

Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны

Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар					
	Балабақшалар (бөбек балабақшалар, орталықтар)		Шағын орталықтар			
			Балалар жарты күн болатын		балалар толық күн болатын	
	Орналасқан:					
	Қалалық жерде	Ауылдық жерде	Қалалық жерде	Ауылдық жерде	Қалалық жерде	Ауылдық жерде
	20000	23736	5321	6648	11188	13915

А қ т ө б е қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 0 9 қ ы р к ү й е к т е г і
№ 2 5 5 0 қ а у л ы с ы н а
3 қосымша

Ата-ананың күніне бір тәрбиеленушіге ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар		
	Балабақшалар (орталықтар)		Балалар толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар
	Ұйымдарда болу ұзақтығымен		
	9-10, 5 сағат	12 сағат	
400	420		400

Ескертпе: бір тәрбиеленушіге күніне ата-ананың ақы төлеу мөлшері 420 теңгеден артық емес.